

С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша өзін – өзі бағалау комиссия отырысының хаттамасы № 2

Аралтоғай селосы

22 мамыр 2024жыл

Қаралған мәселе:

1.Мектепалды даярлық сыныбының ата – аналарынан, жалпы педагогтардан, 4,9 сыныптың білім алушыларымен олардың ата – аналарынан білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін онлайн форматта алынған сауалнама қорытындысы

Тыңдалды:

1.Оқу ісінің меңгерушісі: Г.А.Акимова: Біздің мектепте білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін онлайн форматта мектепалды даярлық сыныбының ата – аналарынан , жалпы педагогтардан, 4, 9 сынып білімалушыларымен олардың ата – аналарынан сауалнама 20 мамыр күні алынды. 15 сұрақтан тұратын сауалнамаға 4,9 сынып білімалушылары 38 оқушы қатысты. Ал, МАД, 4 ,9 сыныптардағы білім алушылардың ата – аналарының барлығы 63ата –ана түгел 17 сұрақтан тұратын сауалнамаға қатысты.

Ал тізім бойынша 42 педагогтың 33 – ы 16 сұрақты сауалнамаға жауап берді. Сауалнамаға қатыспаған мектеп әкімшілігінен – 3 адам, декреттік демалыстағы - 4 адам. Сауалнама қорытындысы төмендегідей болды:

№	қатысушылар	Қатысушылардың нақты саны	саны	пайызы	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Оқушылар	38	38	100%	45.8%	40.4%	12.5%	1.3%
2	Ата – аналар	63	63	98.5%	69,5%	27,5%	3,5%	0
3	Педагогтар	33	33	100%	71.4%	23%	5.1%	0.5%

Мектеп алды даярлық сыныбының ата – аналарына арналған сауалнама бойынша толық келісемін – 59,2%, келісемін – 36%, келіспеймін – 4,8%, толық келіспеймін – 0.

Шығып сөйлеушілер:

1.Информатика пәні мұғалімі Б.Туремуратов: Сауалнамаға қатысым өте жақсы, қорытындысы да жаман емес. Келіспеймін деп жауап бергендер соңғы сұрақ бойынша мектепке ұсыныс бергіңіз келсе деген сұрақ бойынша келіспеймін ,яғни ұсынысым жоқ деген жауапты таңдаған.

2. Мектеп директоры: А.Дошаев: Сауалнамаға оқушыларда, ата – аналарда жақсы қатысты. Мектепке және ондағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға ата – аналардың көңілі толатындығы қуантарлық жағдай. Мектеп жұмысына ұсынысым жоқ деген сұрақ бойынша Келіспеймін яғни ешқандай ұсынысым жоқ деп жауап бергендігі анықталды.

Шешім:

1.Білім беру ұйымдарын бағалау кезіндегі білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін онлайн форматта алынған сауалнама қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

2.Мектеп жұмысына қатысты ата – аналардың айтатын ұсыныстары бойынша сынып жетекшілер жұмыстар жүргізісін.

3.Сауалнама қорытындысы хаттамамен бірге интернет – ресурсқа орналастыруды оқу ісінің меңгерушісі Г.Акимоваға жүктелсін.

Комиссия төрағасы  А.Дошаев

Хатшы: Л:Жалғасбаева